


ЖАРКЕНТ



Айнасы

№20 (40), 16 қараша, дүйсенбі, 2020 жыл, jar-aina@mail.ru

«Батырлар-ай елдің жоғын жоқтаған, Күш қайратын жауға білеп топтаған» деп кешегі күндері көздің жауын алатын қазақ жеріне көкірегінің құрты қозған небір ашкөз сыртқы жауларға, жеңдікті киіп, білекке найзасын басып, беліне қылышын байланып, көк сауытпен құрсанып, кейде жалаң төсін тосып, қайтпай, қарсыласқан, қарсы шапқан жауына қан құстырған ерен батырлар туралы осылай толғасақ жарасар еді.

Бүгінгі күні күллі еліміз білетін 1643 жылғы Белжайлаудың Орбұлағындағы қазақтар мен ойраттардың арасындағы шайқастың жаңғырығы 1758 жылғы ордалы ойраттың ойрандалуымен аяқталса да, кесірткедей қауқары қалған қалмақтардың ашық айқасқа түспесе де қазақтармен қастасуын қоймады. Бас көтерерлері жанына жүздеген жасақтар жинап, шекара маңындағы қазақтар тұратын аймақтарға дүркін-дүркін жасырын лап беріп, ауылдарды тонап-талаумен, барымталаумен айналысып жатты.

Ерліктің ерен үлгісін көрсеткен сол шайқасты Жәңгір хан бастаған 600 жауынгер бастан өткерді. Қазақ жерінің тұтқыннан жиналған, атақты жүрек жұтқан батырлары қатысқан ұрыс үлкен жеңіспен аяқталды. Сол қанды қырғынның бел ортасында жұрт атын аңыз қылып айтатын Елтінді батыр жүрді.

Еңгезердей Елтінді,
Жауды көрсе желпінді.
Алпауытын қалмақтың,
Орайына келтірді.
Асырды да айласын,
Көзден шаншып өлтірді.

Бәйтүгей баласы Елтінді 1598 жылдары дүниеге келген. Қазіргі Жаркент өңіріндегі Сарытаудың оңтүстігіндегі буырқана ағып жатқан Бұрқан аталатын аймақтағы бұрқырай ағып жатқан өзеннің оң жағындағы көкмайсаға оранған Бұрқан ауылы маңайында дүниеге келген. Ат жалын тартып мінгеннен бастап елінің жерінің шебін қорғап, «қысқа күнде Іледен қырық өткен» айтулы батырдың бірі.

Елтінді батыр жайлы халық арасында айтылып жүрген аңыз – әңгімелерден басқа алғашқы жазба мәліметті берген адам – Қазыбек бек Тауасарұлы. 1692 жылы дүниеге келіп 1776 жылы қалмақтармен қырғын ұрысқа түсіп ауыр жаракаттан қайтыс болған, соңына өшпестей ескерткіш етіп қалдырған тарихи мұрасы «Түп-түқияннан өзіме шейін» кітабында Елтінді батыр туралы жақсы дерек қалдырған. (Қазыбек бек Тауасарұлы. Түп-түқияннан өзіме шейін. Алматы. Жалын. 1993 ж.)

16 ғасырдың соңына таман дүниеге келген Елтінді Бәйтүгейұлы жастайынан атқа мініп, жарақ-сайманын асынып, жаумен жағаласып – жаға жыртғысып өскен, ерегессе есесін ешкімге жібермей, бұрынғылар айтқандай жауырыны үлкен қақпақтай, айдары үлкен тоқпақтай ердің бірі болған. Туған жері Бұрқан таудың бөктері қазақтың ежелгі ерегес жауы жоңғар тайпаларымен жерлері түйісіп жатқандықтан түн ұйқысын төрт бөліп, күндіз кірпік ілмей ел шетін шолып жүрді. Батур қонтайшыдан келетін қауіпті сезген ерлер сақ жүрген. 1643 жылы Орбұлақ шайқасының алдында Жәңгір хан жинаған батырлар кеңесінде жаумен ұрыс жүргізу тәсілін талқылағанда ұрымтал тұстарды көрсетіп, оқпана қазып қорғана соғысуды алғаш ұсынған Елтінді батыр еді. Бұл жөнінде Қазыбек бек Тауасарұлы кітабында «Осы ұрыста Суан Елтінді батырдың көрсеткен ерлігі ерекше болатын. Әсіресе жер жағдайы соның ғақылы еді» деп көрсетеді. Осы шайқаста Жәңгір хан шабуылдаушы сарбаздарының тактикалық жағынан дұрыс орналастырып, қорғаныс шебін шебер пайдалана білгендіктің нәтижесінде Батур қонтайшының елу мың әскерінің он бір мыңын қырғынға ұшыратып жер жастандырады. Жәңгір хан басқарған қазақ сарбаздарының осы ұрысын Орбұлақ шайқасының қалай өткендігін егжей – тегжейіне дейін зерттеп, жазған жазушы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

«ІЛЕНІҢ ТОЛҚЫНДАРЫ ӘЛІ КҮНГЕ АЙТАДЫ ЕРГЕ ЖЫЛАУ АУЫҚ-АУЫҚ...»



сыйлығының лауреаты Бексұлтан Нұржекеұлы ағамыздан асып ешкім жазған жоқ.

Осы атақты Орбұлақ шайқасында Елтінді батырмен тізе қосып жау арасына талай сыналап кіріп талай мәрте бетпе – бет ұрыстарға түсіп, қарымды қайрат көрсеткен батырлардың бірі – **Солтанғұлдың баласы Ұзынмұрт Ұзақ батыр**. Салалы ұзын мұрты атқа шапқанда желмен есіліп, екі иығынан асып айырланып тұратындықтан ел осылай атап кеткен екен. Суан елі қазақ – қалмақ елінің шекарасында жатқандықтан, үнемі жау күткендіктен ат жалын тартып мінген, әлі бұғанасы қатпаған баладан бастап қолы қатқан ерлердің бәрін соғыс тәсіліне машықтандырған. Бұған мына бір әңгіменің ар жағындағы шындықты аңғара алсақ болғаны. Бірде Ұзақ батырдың аулына қазақ сұлтандарының біреуі келіп, «дайын әскерің болса маған бер, мен қалмақпен соғысуға бара жатырмын» деген кезде Ұзақ батыр ханға: «Менің дайын әскерім жоқ. Бірақ «Аттан» деген ұран шықса бәрі атқа қонуға дайын» депті. Осы сөздің түбінде бір шындық ұялап жатыр. Соған қарағанда жаугершілік заманда ауылда жаттығу жасап, ұрысқа дайын отырған сақадай сай жасақтан басқа, малшы, жылқышы басқа да жұртшылық берілетін хабарды күтіп, бес қаруын сайлап, әрдайым атқа қонуға дайын отырған сияқты.

Көрнекті жазушы Базархан Жақыбаевтың «**Ұзақ батыр қай жерде соғысқан?**» («Жаркент айнасы». 21.06.2019.) мақаласында Ұзақ батырдың Текелі жақтағы тау арасындағы ойпатта жаудың қалың қолымен өз қарамағындағы жасағымен соғысқаны жайлы дерек келтіреді. «Жоңғарлармен соғыс ашып, жеңіске жеткенін бүгінге дейін сол жердің көне көздері «Ұзақ батыр соғысқан «Ойсаз» деп атайды» деп жазады. Қиын-қыстау кезеңдерде елге пана, халыққа қорған болған батыр бабаларымыздың Ұзақ, Тайлақ, Матай (Тумагай) әскерлердің алғы легінде ту көтеруші болғандықтан осылай аталып кеткен деп жазады - Б.Ж.) батырлардың аттарын ілтипатпен еске алады.

Қилы тағдырлы атыс-шабысты заманда қазақтан қырғызға, не болмаса қалмаққа өтіп, олар да барған жерінде жанағы елдерге қосылып жеке ұй болып, рулы елге айналып,

кеткен ұрпақ қаншама. Осындай аласапыран заманда Суан ішіндегі Солтанғұл бауырына басып, өз баласы етіп бағып алған түбі қырғыз Назар кейіннен өсе келе батыр атанған.

Солтанғұлдың төртінші ұлы Назар батыр атанып, Ұзынмұрт Ұзақ батырмен тізе қосып жүріп қазақ жеріне шабуылдап енген талай қалмақпен соғысып, елді, жерді қорғауға ат салысады. Бала кезінде жау қолында ұзақ уақыт болған Назар қалмақ тілінде де жетік сөйлеген екен. Ұзақ батырмен жорыққа шыққан кезінде қол бастаған сардар болып бекітіледі. Тіл білетіндігімен әрі айлакерлігімен көзге түсіп, қамал бекіністе жатқан жауды талқандауда ерлік көрсетеді. Назар батыр туралы ел аузындағы аңыз – әңгімелер болмаса қай жылдары туылып, қай өңірде жаулармен шайқасқа түсіп, қанша жасымда, қай жылдары дүйнеден қайтқаны белгісіз. Көкірегі қазына шежірешіл қария, Ақжазық ауылында тұрған марқұм Қадыров Мұсақан ағамыздың айтып кетуі бойынша ерлігіне күллі суан сүйінген Назар батырдың сүйегі Белжайлауда жерленген екен. Суанның Солтанғұлдан тарайтын Ұзынмұрт Ұзақ батыр мен Назар батырдың ұрпақтары Жаркент аймағындағы Ақжазық, Көктал, т.б. ауылдарда өмір сүріп, ұрпақ жайып жатыр.

Ресеймен дипломатиялық қарым-қатынастың бастауында тұрған **Аралбай батыр** Суан ішінде Мырзагелді руынан тарайды. Аралбай Үмбетұлы (Кебенең) туралы Қазақ совет энциклопедиясында көрсетілгендей «Ұлы жүздің» Қодар биі, Төле би, Сағай, Бөлек, Хангелді батыр сияқты билер мен батырлардың атынан Петербургке жіберілетін елшіліктің құрамына енді. Ол Ұлы жүз билеушілерінің «Біз Россияға ... адал қызмет етеміз. Ташкент, Самарқанд, Бұқара, Хиуа, Түркістан қалаларында Россиямен сауда – саттық жасауды тілейміз», - деген пікірін патшаға жеткізді. (ҚСЭ 1-т. 436 - бет) деп жазылған.

1730 – 1740 жылдарда Ресейді билеген императрица Анна Иоановна 1733 жылдың қаңтар айының аяғында Петербургке өздерін Ресей патшалығының қол астына алуға өтіне келген келген Әбілқайыр ханның елшілігінің құрамында келген Ұлы жүз қазақтарының елшілерін, оның ішінде Аралбай мен Ырыскелді батырды да қабылдап, 1734 жылы

10 маусымда Ұлы жүз қазақтарының Россияға қосылуына қарсы еместігін білдірген грамотаға қол қойып қайтарған. Мына мәтінді келтіре кетуді жөн санадым.

«Үшінші грамота қазақтың Ұлы жүзіне:

«Біз, Құдай шапағатындағы Бүкіл Ресей патшалығымы және билеушісі Анна. Қазақ ордасындағы Бек Қодар би, Төлеби, Сағай батырға, Хангелді батыр мен Бөлек батырға және қазақтың бүкіл Ұлы жүзіне біздің ұлы мәртебелі императрицаның мейірімі жасуын. Сіздер ұлы әмірші ұ.м.и. –ға бүкіл Ұлы жүздеріңіздің бізге бодан болуға уәде ететінін жаздыңыздар... Біздің сарайымызға сіздердің өкілдеріңіз Аралбайды, Ырыскелді батырды және Тәттімбет батырды жіберді. Сондықтан біз, Сіздердің ол өтінішіңізге мархабатымызбен ден қойып, сіздерді бодандыққа алып отырмыз», – делінген.

18-ғасырдың бас кезіндегі жоңғарлармен қиян-кескі ұрыстардың алдында жүрген Аралбай батыр, аттары атауға лайық қол бастаған батырлармен тізе қоса отырып қазақ даласына дендей еніп, Түркістан маңына дейін барған ата жаумен қиян-кескі айқастарда батылдығын көрсетіп, үздіксіз ұрыстардың алдында жүрді. Жетісудағы, Талас өңіріндегі, Шу өзенінің бойындағы шайқастарда қол бастап, қазақ сарбаздарының ту сыртынан соққы бермек болған жаудың қолын бөгеп, тосқауыл ұрыс салып, бетін қайырып, ерлікпен қол бастап жүрді. Сырдарияның бойына қарамағында 30-35 мыңдай әскерімен екі бағытта шабуыл жасаған Сары Манжыға қарсы күрескен қазақ қолының алдыңғы қатарында шайқасты.

Аралбай батыр Шу өзенінің бойында Сары Манжы бастаған жиырма мыңдық жоңғар қолымен кескілескен ұрыста зеңбірек оғының жарықшағы тиіп, қатты жараланып, қайтыс болған. Сол жерде денесі жер қойнына тапсырылған. Ұрыс тоқтап, тыныштық орнап, тыныс алған кезде Сағай, Бөлек т.б. батырлар бастаған сарбаздар Аралбайдың бейітінің басына топырақтан күмбез тұрғызып, маңдайшасына «Руы Суан. 1112-1152 Хижра жылы» деп жазу түсірген.

ҚҰДАЛАРДЫҢ ӘНГІМЕСІ

Күз. Қараша айының алғашқы күндерінің бірі. Түс мезгілінде ұялы телефоным әндетіп қоя берді. Белгілі тарихшы, ақын ағамыз Молот Мұсаұлы ашық-жарқын дауысымен: «Кешке Ынтымақ ауылына жетсең, Алматыдан бір ағамыз келіпті. Мұқа болыс туралы айтары бар көрінеді, сен мәліметтер іздеп жүр едің ғой» деп хабарласты. Келісілген уақытта екі көлікпен зуылдаған күйде ауылдың шеткі көшесіндегі ашық қақпалы, еңселі үйдің ауласына кіріп бірақ тоқтадық. Ішке ендік, үй иесі Марат құда амандық-саулықтан соң аласа бойлы, шашын артқа қайырған, жүзінде зиялылықтың табы бар егделеу кісімен таныстырды. Катеков Ермек. «Суан, оның ішінде Солтанғұлмын» деді. Молот аға сөз бастап, әңгімесіз өріліп жүре берді. Сұраса келе үлкен қызым Назеркенің қайын атасы, Сарыбелдегі Тоқтастың құданың екі көзінің бірі, аталас жақын туысы болып шықты. Аяқ астынан Молот ағаның шұғыл жұмыстары шығып, асығыс қайтып кетті. Үш құда әрі қарай әңгімесіз жарасып, сөз тізгінін алған Ермек аға қоныр дауысымен өткен шежіреден сыр тартты...

«...Мұқа болыстың інісі Мұстафа, оның Анар деген қызы менің туған анам. Бірақ, мен нағашы атамды көрмедім, сонда да үлкендердің әңгімесінен ол кісі туралы көп естідім. Соның бірі – менің әкем Абдолданың інісі Тоқмолданың көзін көріп, өз аузынан естігенім, мынау еді.

Бұл сол 1946-1947 жылдары болған оқиға. Онда менің бала күнім, кіші әкемнің үйінде көп жүретінмін. Ол кісі құйрығын кескен бесті жылқыны басқа малдарға қарағанда ерекше ықыласпен күніге көз айырмай жақсылап күтіп-баптап жүретін. Күндердің күнінде әлгі бесті аяқ астынан жоқ болды. Кіші әкемді сырттай бақылап қоямын, сол күндегі қалпы. Жоғалған жылқы туралы сұрау да салмайды, іздейін деген ниет те білдірмейді. Содан біраз уақыт өткен соң шыдамын таусылып, Тоқмолда әкемнен әлгі жоғалған жылқы туралы сұрадым. Сондағы ол кісінің жауабы былай болды: «...бұл малды маған Мұқа болыс берген, уақытша қарап бер деп». Қысқа қайырды. Кейін білгенім, сол бір алмағайып заманда дұшпанға деген намыс бұған болыс атамыз үнемі қазақтың мықты сайыпқыран жігіттерінен қол ұстаған екен. Және ол жанағы жасағының бір бөлігіндегі барымташы жігіттерін Советке, Қытайдың ішкері жағына, қалмақтар отырған жаққа жіберіп үйір-үйір жылқыларды айдатып алдырады. Бұл жерде ол кісіні ұры деп түсінбеу керек, себебі: Мұқаның әкесі Әжібек қажылыққа барған, інісі Тұрысбек екеуі де Жаркент өңірінің атақты бай-қуатты адамдары болған. Ағайынды екеуі Патшалық Ресей тұсындағы генерал Колпаковскийдің кезінде бүкіл Іле өңірі қазақтарына билік жүргізген. Меккеден қажылықтан келген соң «Қажы болдым, мұсылманның бір парызы ретінде мешіт салдыру ләзім» деп, Жаркент қаласында мешіт, медресе салу бастамасын алғаш көтерген адам деген мәліметтер бар. Әжібектен тараған балалар – Мұқа, Мұстафа, Хамит, Мәжит, Уәли, Әбдірахым тәрізді.

Әбдірахым төре демекші, ісі Суанға билік еткен төре болған ба? Мысалы, Ұлы Жүздің Албан ата ұрпақтарын Тезек төре басқарған. Оны тарихтан білеміз. Әбдірахым Суанның Сағай атасының ұрпағы. Тарихта Суанға билік еткен Адам-сат Ибаков деген төренің болғаны рас. Бірақ, ол Суан емес, Төре. Иә, біраз ізденіс жасап еңбектенуге тура келіп тұр... Сөйтін, оның жауабы да табылды. Заманында Әжібек қажы генерал Колпаковскиймен өте жақын

араласқанын жоғарыда айтып өттім. Содан, 1881 жылғы Петербург келісімінен кейін генерал Құлжа қаласын тастап шығады, сонда онымен бірге Қытай билігінен сөскенген Әжібек те Қорғастан бері өтерде, Қытайға билік еткен Рабат төренің қарындасын алып қашып келеді. Міне, осы Рабат төренің қызынан туған Әбдірахымды нағашысының құрметіне Төре деген есімді қосып беріп, бүкіл Суан солай атап кеткен. Әбдірахымтөренің үш әйелінен 9 ұл, 9 қыз тарайды. Дәл қазір біздердің басымызды қосып дастархан жайып отырған Марат құда сол Әбдірахым төренің Дәулетхан деген баласының ұлы, яғни, немересі. Дәулетханның інісі Қызырхан аға менен кейінгі інімі Қалибектің қайын атасы, яғни, Қызырхан аға да менің туған құдам. Міне, қазақтың туыстығы қалай жалғасады...

Сонымен, жоғарыдағы Ермек ағаның әңгімесіне қайта оралайық...

«Большевиктік Кеңес үкіметі әкеден қалған соншама байлықтың бәрін күшпен тартып алды емес пе? Қарсыласқандарды банды, кулак деп атты, асты, қалғанын жер аударды. Арада айбарынан дүйім ел қаймығатын Мұқаның өзі де түрмеге қамалып шыққан деген деректер бар. Іштегі ыза-кек жанға маза бермеген соң қазақтың жаужүрек жігіттерінен жасақ құрап, дүркін-дүркін шекара бұзып өз малдарын арғы бетке бұлар да күшпен тартып әкетіп отырған. Дегенмен, болыс бұл әрекеттің бәрін ел-жұртының игілігіне жұмсап, азаматтық танытты. Және оның барымталап мал алуы қажеттіліктен туындаған оңды әрекет еді. Ал, қызылдардың комотрядының талай мәрте тартып алған, малдан басқа, еңкейген шал мен еңбектеген бала-шағаға дейін пулеметпен қойша қырған озбырлығының қасында оның бұл ісі теңізге құйған тамшыдай десе де болар.

Содан, әкелінген малдардың ішіндегі бесті жылқыларды іріктеп алып құйрығын кестіріп, шекара асып келген қазақтарға бөліп-бөліп беріп қойып бақтырады. Жылқылардың саны 40-қа толғанда осы аймақтағы қытайдың билеушісі Шың Шысайға апарып береді. Ол кезде Қытайдың шығысындағы Сандун аралын ағылшындар, бір бөлігін жапондар, манчжурлар т.б. басып алып, тоз-тозы шығып жатқан болатын. Қытайдың өз билігі тек орталығында ғана болып, оның ішінде солтүстігінде Мао Цзе Дун бастаған коммунистік «құнсандан», ал, оңтүстігінде Сун Ят Сен басшылық еткен Гоминдан деп екі партияға бөлініп, өзара қырқысып жатқан кезең еді. Демек, гоминдан партиясын жақтаушы, өңір билеушісі Шың Шысаймен Мұқа болыс жақсы қарым-қатынаста болған. Менің әкем де сол жылдары зәңгі сайланып ел ісіне араласа қызмет істегендіктен болыспен жақсы сыйласты, әрдайым бір-біріне қол ұшын беріп көмектесіп тұратын.

Мінекей, Мұқа болыстың ондағы негізгі мақсаты: Советтің қырғынынан жансауғалап, шекара асып келген қазақ бауырларын Қорғастан бастап Сайрам көл, Нылқыға дейінгі және Жетісу Алатауының оңтүстігіндегі таулы аумаққа қоныстандыру болды. Нақтырақ айтсақ, сол маңайда отырған – маңғұл, сібе, солаң, қалмақтарды ығыстырып қазаққа жер алып беріп отырған.

Мысалы, Мұқа болыстың осындай қамқорлық шарапатының арқасында біздің әулетке де сондай жердің бір пұшағы тиді. Жазда жайлауға шығамыз, тау етегінде қыстауымыз болды. Емін-еркін өмір сүріп, тіршілігімізді жасадық. Біз тұрған Шетбұлақтан бір жота ассаңыз арғы жағында Қоралы Сай деген сай бар, оны Ортабұлақ деп атайды. Сол Ортабұлақтың кішкене сай бөлініп шығады соны бойлап жүре берсеңіз жоғары жағы тұйықталып Қора деп аталады. Сол Қоралы сайда Мұқа болыстың жылқылары толып тұрады деп еститініз. Әзір ойласам сол малдың бәрін болыс атамыз, қайғы мен қасірет шеккен қазағының еңсесін көтеруге, елдің тыныш өмір сүруі үшін қажетті – жайлау, қыстау, тұрақтайтын мекен алып беруге жұмсаған екен ғой.

Сондай бір ел басына күн туған зар заманда қазақ арып-ашып, мал-жаннан айырылды. Міне, сондағы Мұқа болыстың қайраткерлігі, ұлтжандылығы, шекара асып, жат жұртқа табан тіреген бауырларына арыстандай айбарымен қорған, пана болған екен-ау, есіл ер! Қазақтың дербестігін аңсаған, Алашордашы ұлт қайраткерлерін Алтынемелде ақ үй тігіп, дастархан жайып, құрметпен қарсы алған болыс, Кеңес өкіметінің бітіспес қас жауы еді.

Кейін, Советтің көмегімен жеңіске жеткен коммунистер гоминдандықтарды бұл өңірден қуып шығады. Коммунистердің

қолдауымен аймақ билеушісі болған Чың Дуан Мұқа болысты советке ұстап бергендігін де аталарымыздан естіп едік. Мұқаның балалары – Қасенхан, Молдахан, Мұсахан атты үш ұл. Үлкен ұлы Қасенхан Үрімжіде оқыған, қытай тілін білетін өте сауатты еді. Қытайдан бері өткенде, 1962 жылдары Молдахан осы Жаркент өңірінде қалып, Мұсахан және Мұқаның інісі Мұстафаның ұрпақтары Талдықорған жақтағы Қоңыр деген жерге барып орналасқан, қазіргі таңда өсіп-өніп бір қауым ел болып отырған болар...

1952 жылдың көктемінде Қорғастағы 7 жылдық мектепті үздік бітірген біздер – Майкөтов Нұрдәулет, Нақысбеков Болатқан

қашып жуытпады, содан бәріміз кеңесе келе амалсыз қайтадан Үрімжі қаласына қайттық.

Сонымен, бір жыл бұрын өзіміз оқыған Үрімжідегі «Дарын пунун» мұғалімдер институтына қайта бас сұқтық. Бізді суық қарсы алған оқу ордасының бастығы Жан Пиан Жан қабылдамайтынын айтты. Біз қайта-қайта сұранып мазасын алған соң, біраз жібіп, «қабылдаған күнде де бір курс төмен бөлімге қабылдаймын» деп тұрып алды. Біздер оған келіспедік. Екіұдай болып әуре-сарсаңда жүргеніміз жайлы үйге хат жазып, Пекинде, Үрімжіде біздерді оқуға қабылдамай қойғанын хабардар етіп қойдық.



Катеков Ермек, Ибраһымжанов Қали

Құлжа қаласына бардық. Ол жерде Кегеннің «Білім жұрты» аталатын 10 орта мектеп бітіргендері бар бас-аяғы 23 бала жиналды. Бір айлық арнайы дайындықтан соң біздерді одан әрі Үрімжі қаласына аттандырды. Сөйтін, қазақ, татар, ұйғыр, өзбек, қырғыздар бар бәріміз осы Үрімжідегі «Дарын пунун» атты мұғалімдер дайындайтын институтта бір жыл оқыдық.

Оқу жылын аяқтағанымыз сол еді, қытайдың Пекин қаласынан шұғыл хабар келді. Содан не керек, емтихан тапсырған шәкірттердің ішінен ең үздік деп танылған 11 оқушы жедел түрде Пекин қаласына оқуға жіберілдік. Біздерді бірден «Мұнай министрлігінің» қонақ үйіне орналастырып, бір манчжурды жолбасшы етіп тағайындады. Қорегіміз – жәннәт, бір тілім нан, күріш, тағы сондай қуағы аз тамақтар. Бұнда, әр жақтан әкелінген – тибет, ұйғыр т.б. аз ұлт өкілдерін коммунистік тәрбиеге үйретеді екен. Көп ұзамай Пекиндегі «Ұлттар институтына» қабылдандық, соның арқасында су жана, екі жылға жететін киім-кешекпен қамтып, жатақхана алып, ас-су мезіріміз де тәуір болып, жағдайымыз әлдеқайда жақсарып қалды. Онда бізге «...мамыр айына дейін осында болып, ары қарай оқуларыңды Кеңес үкіметі аумағында (СССР) жалғастырасыңдар» деді. Кезді ашып-жұмғанша 1954 жылдың мамыры да келіп жетті. 1-мамыр мейрамында аз ұлттар өкілі болғандықтан, ұлттық қазақы киімімізбен Пекинде өткен үлкен шеруге қатысып, салтанатты түрде атақты Мао Цзе Дун мен Жу Ын Лайдың алдынан өттік.

Уақыт зымырап өтіп жатты, әне-міне СССР-ға кетеміз деп жүрген кезімізде, «ата-манымыз» Абдрахман (ұжты татар): «... Жігіттер! Менің әке-шешем совет гражданы, оқудан соң сол Қазақстанда қалып қалсақ бола ма?.. Қалай ойлайсыңдар?» дегені. Бәріміз анттарылып қалдық, содан мен айттым «Менің де ата-анам совет гражданы...», «Менің де!» , жан-жақтан дауыстар қаптап кетті. Сөйтсек, келген 11 баланың 9-ның әке-шешелері «Совет граждандары» екен. Анығын білу үшін ақылдаса келе бәріміз Пекиндегі Кеңес үкіметінің (СССР-дің) елшілігіне бардық. Ол жерде біздің түпкі ойымызды білгені сол-ақ екен, елшілік қызметкерлері бәрімізді ұрсып қуып шықты. Бұл жағдайды сыртымыздан бақылап жүрген тыңшы, әлгі жолбасшы манчжур бірден жоғары жаққа хабарлайды. Қытай Үкіметінің Қауіпсіздік бөлімінің адамдары арнайы елшілікке барып мән-жайды ұққан соң, біздің Қорғас ауданына шұғыл хат жібереді. Содан, аты шулы 9-дың «Совет гражданының» балалары екендігіміз анықталған соң институтта жедел түрде жиналыс ашты. Нәтижесінде, «Сендер, 9 бала СССР-ға оқуға бармайсыңдар!» деген шешім шығарды. Біздер «онда осында қалып жоғары оқу оқиық» деп «Пекин» және «Халық университетіне» бардық. Ондағылар, «Шетелдіктерді қабылдамаймыз» деп ат-тондарын ала

Көп ұзамай таныс ағайымыздың нұсқауымен сол Үрімжіде Совет – Қытай серіктестігіне қарайтын «Тау-кен техникумына» барып жолықтық. Ол жерде құрақ ұшып жылы жүзбен қабылдаған, аяғын сылттып басытын орыс ұлтының өкіліне риза болдық. Өзі Кеңес Одағының батыры екен. Әп-сәтте техникумның «Тау-кен инженері» мамандығының 2-ші курсына құжаттарымызды қабылдап, ең жоғарғы шәкіртакы тағайындатып берді. Орналасқан жатақхана, киген киіміміз бен ішер тамағымыздың бәрі техникум есебінен болды.

Иә, біздердің Пекинде жүргенде Кеңес Одағы елшілігіне баруымыз жоғарғы билікке түрткі болып, дүрбелең туғызумен қатар, шекаралық аймақ тұрғындарына жаппай тексеріс жасаудың алғашқы бастамасы болды. Себебі, сол уақытқа дейін Қытай билігі аталмыш аймақта мыңдаған адамдардың совет паспорттымен жүргенінен мүлдем бей-хабар болған көрінеді. Нәтижесінде, «совет граждандары» шетелдік саналып оларға үкімет тарапынан көптеген шектеулердің қойылуына себепкер болды. Мәселен, нақтылап айтар болсақ бізден бұрын Қытайдағы Қазақ автономиялы ауданының, үш – Іле, Тарбағатай, Алтай аймағынан советке оқуға кеткен жастардың біразы, солардың ішіндегі «совет граждандығы» барлар шұғыл түрде кері қайтарылған екен. Одан әрі «совет граждандары» шетелдіктер саналып, мыңдаған қазақ азаматарының өз еліне қайтуына үлкен септігін тигізіп, өкімет тарапынан визалар беріле бастады. Біз де осы лекке ілігіп, оқу орнын аяқтамаған қалыпта 1955 жылы мамырда советке өтіп кеттік...

Сонау өткен XX ғасырдың екінші жартысында жат елде жүрсе де өздерінің зеректігімен, алғырлығымен аудан, одан Үрімжі қаласындағы білім сынақтарынан сүрінбей өткен қазақ жастары сол қалыптарынан танбай өз елі, өз жері – Қазақстанда да жоғары білім алып, халқына адал қызмет етті. Мәселен, Катеков Ермек, Нақысбеков Болатхан, Майкөтов Нұрдәулет – үшеуі де Алматыдағы Абай атындағы Педагогикалық институтта (ҚазПИ) үздік оқып, I курстан кейін Новосибирск мемлекеттік университетіне жолдамасын оқуға жіберіледі. Университетті жақсыға бітірген ағаларымыз қайтіп ҚазПИ-ге келіп «Есептеу математикасы» пәнінен (Б.Нақысбеков, Н.Майкөтов) көп жылдар ұстаздық жасап (Б.Нақысбеков математика факультетін 20 жыл басқарды), зейнетке шыққан. Ал, Ермек Катеков ағамыз 43 жыл эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің (ҚазГУ) математика кафедрасында аға оқытушы болып қызмет жасады, қазіргі таңда зейнеттік демалыста.

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
«Жауынгерлік Даңқ мұзейінің» меңгерушісі,
Жаркент қаласы.



Катеков Ермек. 1955 жыл. Үрімжі.

Құрметті қазақ тілінің оқырмандары, ана тіліміздің жанашырлары. Бүгінгі ғалымдарымыздың пайымдауынша ана тіліміздің тоқсан мыңнан астам сөздігі бар екендігі айтылады. Дүние жүзі халықтар сөздігі ішінде ең бай, мағыналы, ұғымды, бір сөзбен көп мағынаны білдіретін қазақтың ғана сөзі екені ғылымда мойындалған. Сол асыл қазынамыз сан ғасырларды артқа тастаған сайын көнере беруі салдарынан қолданыстан шығып, ұмытылып бара жатқаны белгілі. Әсіресе соңғы өткен ғасырда орыс тіліне еліктеудің кесірінен тіл шұбарлығы дендеп енген кезде асыл сөздеріміз босағада қалып, тіпті көңіл бөлінбегендіктен ұмытылып кеткені қаншама.

Құрметті ағайын, қазақтың деп ананың ақ сүтін емгендер, перзенттеріміз туған елінің, туған жерінің адал ұланы болсақсың десек өзіміздің, ұрпақтарымыздың ең қасиетті анасы – ана тілі екенін үйретуден жалықпайық. Оны құрметтеу – әр қазақ баласының қасиетті борышы. Мына төмендегідей пайдаланудан қалып бара жатқан көнерген архаизм сөздерді қайта жаңғыртып, қолданысқа енгізіп, сөз байлығымызды молайтуға арнайы ұсынып отырмын.

Базархан ЖАҚЫБАЕВ,
ҚР Мәдениет саласының үздігі.

КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІ ҚАЙТА КӨГЕРТЕЙІК



А

Аба – кең тігілген сырт киім.
Аба – қоршау қашалау.
Абақ – аң ұстайтын шарбақ.
Абат – көк шалғын, бау бақша.
Абалық – жүректің лобуы.
Абстракт – дерексіз жалпы ұғым.
Ағылды – жалбарыну.
Адала – ада ету, бітіру.
Адау – үй іш, ауыл аймақтың бас бас көтерер ақылшысы.
Ажырғы – жауыр малдың мойнына байлайтын ағаш.
Айбан – аяқ киім шешу үшін салынған орын.
Айкезбе – ай сәулесі қозатын жүйке ауруы.
Айпара – үлкен, көрнекті.
Айық – күннің бұлт арасынан шығуы.
Аксиома – дәлелдеуді керек етпейтін ұғым.
Ақаба – егін суының жайылған орыны.
Ақжілік – малдың күйленуі.
Ақала – қыран құстың ауруы.
Ақкөбе – батырлар киер түймелі ақсауыт.
Аққұла – нақақтан кінәсіз немесе басы бүтін иемдену.
Ақсан – мақта жіптен тоқылған мата.
Ақта – піштіру, кестіру, тарттыру.
Ақтаяқ – ханның атарман шабарманы.
Ақтық – кісі өлгенде көмекке апаратын мал.
Ақшам – айырбастап астық алып қайтатын керуен.
Алакөбе – елең алаңшылық.
Алағат – ала құла, бір тегіс емес.
Алағүдек – істің барысын байыптамай алаңға салыну.
Алан – барыстың күшігі.
Алапа – пайда, кәделі сыйлық.
Алғау – медеу, мұңау, құлазу.
Алғыншы – некелі әйел.
Алдүзік – жеке шыққан жүйрік ат.
Алқат – ардақтау, қолпаштау.
Андыр – тауда қар мұзбен араласып өсетін тікен гүл.
Анжыма – қанжығаны айтады.
Анжырлы – қары кеткен күрткі қала.
Аржа – жұқа тактай.
Ардалаң – бетімен жеке кету.
Архаизм – қолданыстан ығысқан көне сөз.

41-сөз

Ә

Әбдесте – дәрет алатын құман.
Әдді – батылдық.
Әдіп – киімнің етек жеңіне салып көмкеру.
Әжине – азғындап кеткен жынды адам.
Әздік – көзі көрмей қалу.
Әлдемірек – жылдамдау, шапшаңдау.
Әміркен – жылтыр жұқа бұлғары.
Әміртиым – заң шығаратын орындардың қарарына тиым салу.
Әндемде – заматта, лезде, демде.
Әндемді – қарулы күшті.
Әндеме – үй сылайтын қалақшы.
Әндіген – жаугершілікте пайдаланатын баулы саптаяқ.
Әнжемді – қарулы, әлді.
Әнжі – ірің ағызу үшін ісікке есіп өткізілетін қыл.
Әнжіме – ердің қапталына өткізетін шығыршық.
Әпсұң – дұға, зікір, аят.
Әптік – арын, аптық, екпін.
Әреке – бүлік, лаң.
Әртің – алыстан, қашықтан.
Әсел – ара балы.
Әуіз – шомылуға арналған қоршау. Әуіт – су сақтайтын жерден басталатын шұқыр.

22-сөз

Б

Бабыр – мысық тұқымдастарына жататын күшті жыртқыш аң.
Бағзама – жуылған кірден қалған сабынды су.
Бада – мүлдем құрып кет, жоқ бол.
Бада – мол, көп, шашылып төгілген.
Бадал – тұтасып қалың өскен тоғайлы жер, бұта.
Бадал – қозғалмай бір орында қақшиып қалу.
Бадана – соғыста киетін оқ өтпейтін киім.
Базалыт – жанартаудан шыққан тау жынысы.
Байдалы – желбіреген шашақты.
Байтаба – түйе жүнінен тоқылған байпақ.
Бакен – су бетіне қауіпсіздікке қойылған қалқыма белгі.
Бақалақ – қол диірменнің астыңғы тасының діңгегі.
Бақауыл – патша дастарханына иелік ететін адам.
Бақылдас – өлім аузындағы адаммен қоштасу.
Балдақ – асыл металдан жасалған көзі жоқ сақина.
Балқоспақ – бурамен нармайадан туған будан.
Балтатұмсық – тұмсығы қызыл, шекесі ақ, айдары қоңыр құс.
Бапан – қамыстың ұшындағы үлгілдек ұлпа.
Баран – жылқы түсі, қара қоңыр.
Барар – тау арыстаны, жыртқыш.
Барқадар – дегеніне жетті, опа тапты.
Барқын – өлген адамның басына қойылған құлпы тас.
Бармақнан – қамырын қолмен үзіп, сорпаға салатын нан.
Басат – тыныш жайлы теңіз қойнауы.
Баспақ – ірі қараның бас терісінен жасалған тұз салатын ыдыс.
Батаға – балықты өңдейтін зауыт.
Батпансы – өзін-өзі зор санау.
Бауырдақ – ертұрман әбзелдеріне тағатын айыл.
Бая – ашуланшақ, беймаза.
Баябан – құлазыған шөл дала.
Баянда – орнығу, тұрақтау.
Бәбісек – сарала ұзын сирақты құс.
Бәдбақыт – қарабет, оңбаған.
Бәден – көрік, шырай.
Бәдіз – тастан қашалған мүсін.
Бәрпі – сайрағыш нәзік үнді құс.
Бәрбі – қатты затты тесетін бұрғы.
Бәтір – ашытпай піскен нан.
Бегім сал – ескі тозған киім.
Бедірек – құны жоқ, құнсыз.
Беке – алма тұқымдас ағаш.
Бекіс – тіл табысу.
Берек – құнарлы жер.
Беркі – шынығу.
Берікбас – басын өрге ұстайтын кесіртке.
Бесқонақ – жаз, күз аралығындағы ызғырық жел.
Бидайық – қыран құс.
Бикат – қатты ауыр деген сөз.
Боғжама – қолдан тігілген боқша дорба.
Бодау – үлкен пышық.
Бозғанақ – жауқазын.
Бойра – қамыстан тоқылған төсеніш.
Боқан – ердің қошқар мүйізді алдыңғы қасы.
Борақ – борсықтың еркегі.
Борлат – қызыл түсті жұқа мата.
Бошақ – қарбыздың дәні.
Бөген – жылғының қышыма ауруы.
Бөгіре – кішкене қол сандық.
Бөдес – жүндес мініске көнбіс жылқы.
Бөкебай – жүннен тоқылған салы.
Бөрдек – қымыз ашытатын торсық.
Бөсір – адамның тік ішегінде өсетін ақ құрт.
Бұғыз – диірменнің үстіңгі тасындағы тесік.
Бұжы – жаңа сойылған қой етін бүйенге салып пісіру.
Бұйы – сезімге берілу, елту.
Бұлық – ердің былғары көпшігі.

Бұлық – шалбар сыртығы тігіс бойына салынатын жапсырма.

Білеу – ұзынша тас қайрақ.

Білік – артқан жүк түйенің арқасына батпас үшін, қамыс тоқып салу.

73-сөз

Ғ

Ғазауат – мұсылман дін жолындағы қасиетті соғыс.
Ғарап – апатқа ұшырады.
Ғарана – айттан бір күн бұрын.
Ғарасат – діни ұғым бойынша өлген адамды қайта тірілгенде о дүниеде жиналатын орыны.
Ғинаят – жақсылық, рахым.

5-сөз

Д

Дағар – астық салуға арналған үлкен қап.
Дағуа – мақсат, талап.
Далақ – үлкен, алаша.
Дастар – қымбат матадан орап жасаған сәлдеден өзгеше, дайын күйіндегі бас киім.
Дәлүсөз – өтірік шын аралас дімсіз сөз.
Дәмата – асаба.
Дәндәку – кісенің оқшантаймен қатар тұратын қалта.
Дәндәку – нақұрыс, жынды сүрей.
Дәркер – мұқтаж, қажет, зәру.
Дәркүмән – күдік, шүбә.
Дәсер – бәлсіну.
Дәсерде – шаттану.
Дәуем – ылғи, үнемі, дайын.
Дәсін – өзін зор, күштісіну.
Декдар – асыл текті, тұқымы жақсы.
Дегерес – далада кездесетін домалақ төбелер.
Дере – мамағаш.
Дере – өзеннің аңғары, арнасы.
Дөдеге – киізүйдің үзік етегіне жалпақтығы қарыс әшекейлі киіс.
Дүбіл – дүрбеленге түсу.
Дүмбіт – желіктіру.
Дүмган – екі ойлы, күмәнді.
Дымық – күш, жігер, қайрат.

23-сөз

Е

Ебей – басыбайлы күн.
Епсек – епті қимыл, әрекет.
Егдем – күші басым, үстем, зор.
Егейлес – бетпе беп келу.
Ежелес – тәжікелесу.
Езмалта – көк мылжың.
Екенше – кішірек қап.
Екер – ағаш ер.
Ексе – ересек, мосқал.
Ексім – қарқындау, үдей түсу.
Екітүгей – сауырлы келген міністі ат.
Елбегі – жергілікті әкім лауазымы.
Елгей – ежелгі дәуірдегі күміс ақша.
Епсін – епті болғансу, пысықсу.
Ерелгі – ерсілік, өрескелдік.
Еркөбектен – ерсіну, батырсыну.
Есіре – байсыну.
Ертәуіл – барлаушы, шолғыншы.

20-сөз

Ж

Жаба – қыран құсты ұстайтын құрал.
Жаба – шөп суаратын құрал.

Жабазы – ат арбаға қосымша салатын әбзел.
 Жабан – қыста мал жататын тепсең жер.
 Жабасақ – бөденеден құйрығы ұзын құс.
 Жағалақ – сактиян былғарымен қапталған сандық.
 Жағдан – сыртын қаңылтырмен шегелеген сандық.
 Жайма – тоқылған зембіл.
 Жайуат – байсалды, сабырлы.
 Жалпош – ат жабу.
 Жамбыл – қаланы айнала қоршаған қорған.
 Жамбыл – шымқай қоңыр түсті гүл.
 Жамса – жаппай қырылу.
 Жамшы – жапқыш, жамылғы.
 Жамшыла – тасалау, көлегейлеу.
 Жамыға – жаппай сыпыра.
 Жамық – қамығу, қапалану.
 Жана – сегіз жасар бүркіт.
 Жана – ең құрметті тамаша адам.
 Жанан – үлкен кесе.
 Жанды – қадағалау, күту.
 Жандау – таудың етегі, бөктері.
 Жансар – шала, мардымсыз.
 Жаңса – балықтың жон еті.
 Жарбай – нар маяға нар шөгеруден туған екінші ұрпақ буданы.
 Жасақ – жеңілген елден заттай алынатын алым-салық.
 Жатақ – бөтен, басқаша.
 Жаутаң – түлкінің күшігі.
 Жаһат – ниет, ықылас.
 Жәмбілше – ерте пісетін қауын.
 Жәмке – шымшуыр, қысқыш.
 Жаркеш – дөңгелек ағаш.
 Жебінді – қайталап сауып алған сүт.
 Жегене – жалғыз, дара.
 Жезайыр – аяқты мылтық.
 Жек – жорға, дуадақ.
 Жекей – түрлі ұлпанның терісінен істелген бұйым.
 Желбей – жауыннан қорғанып жамылатын киім.
 Желгек – тынымсыз, мазасыз.
 Желқуық – ұшқыр, жүйрік.
 Желорай – жел өті, азынақ.
 Желпең – жеңіл бас киім.
 Жембасар – қыран құстың алдыңғы үш тұяғы.
 Жеппелет – тез, асығу, жылдамдату.
 Жепір – қыспаққа алу.
 Жерағаш – ертеректегі ағаш соқа.
 Жебе – пышақтың мойны.
 Жойдасыз – қолайсыз, орынсыз.
 Жойқыт – жосылту, көсілту.
 Жойпаң – мықты, бағыл.
 Жолаң – мықты, әділ.
 Жолгер – ақылды, білгір.
 Жонсау – халық мекендеген жон ауыз суы бар арқа.
 Жосық – қырғын, қанды соғыс.
 Жошын – керемет, сұмдық.
 Жоя – қауын, қарбыз егетін жер.
 Жөгі – айлакер, қу.
 Жөгілік – айлакерлік, арамдық.
 Жөмде – жұмарлау, көндіру.
 Жөнте – жүдеу, азыңқы.
 Жөнік – дұрыс жолға түсу.
 Жуаз – май айыратын құрал, бұйым.
 Жұлқар – түйенің екі күрек тісі.
 Жыға – патшалар мен хандардың соғыста киетін бас киімі.
 Жығауыл – қаршығаның мойнына шалқаймау үшін кигізетін зат.
 68 сөз

3

Зарар – зиянды, залал.
 Зарұрат – зәрулік, қажетсіну.
 Зауық – ықылас, ынта.
 Зауым – бір сәт, азғана уақыт.
 Заһар – у.
 Зәтте – запы болды.
 Зәуде – әлдеқалай, алда-жалда.
 Зәуқайыр – ойламаған жерде.

Зәулі – қауіп, қатер, апат.
 Зипа – көрікті, сымбатты.
 Зият – артық, жақсы.
 Зоң – ақ мата.
 Зуһра – асыл тастың бір түрі.
 Зуза – мерткінен алып жүретін зембіл.
 Зүбәржат – асыл тас, изумруд.
 Зін – көңіл, ықылас, зейін.
 17 сөз

И

Ибей – шығырдың тіреу ағашы.
 Ида – ері өлгеннен кейінгі жүз күндік мерзім.
 Идара – бір орынға қарайтын мекемелер.
 Идиома – лексика-грамматикалық тұрақты сөздер.
 Ила – амал, шара, айла.
 Има – түйе жүнінен тігілген ер кісіге арналған киім.
 Итаю – сусарлар тұқымдасына жататын аң.
 Итепе – түйені бас білдіретін ұзын істік таяқ.
 Итырықта – титықтап шаршау.
 Ишімтас – асылтас, нефрит.
 10 сөз

К

Кабак – ішімдік сағатын шарапхана
 Казуист – жалған, теріс пікірді дәлелдеуге шебер адам.
 Кайнек – сиыр мен сарлық бұқасының буданы.
 Какаду – қызыл түсті тотықұс.
 Каламбур – сөздің әр түрлі мағынасын пайдаланып күлдіргі сөз айту.
 Карс – жібек араласқан мата.
 Кады – асқабақ.
 Кәкпір – сүзгіш, кепсер.
 Кәл – бүркітті шақырғанда айтағын одағай сөз.
 Кәсе – теңізге су алуға қолайлы таяздау жер.
 Кебіре – сортаңдау, құрғау.
 Кегей – арба доңғалағының шабағы
 Кежек – үйректің еркегі.
 Кежеуіл – күзет, қарауыл.
 Кезет – су жырған жер, жырашық.
 Кезпар – лөк пен маядан туған түйе
 Кезнар – мырзақоспақ пен еркек түйе.
 Кекек – жоңышқаға ұқсас көпжылдық шөп.
 Кейіт – атақ, даңқ.
 Кекір – атегір, қырсық, қарыспа.
 Келе – түйені үйірге түсіру.
 Келек – құраған өсімдіктерден құралған қалың жыныс.
 Келеп – иірілген жіптің шумағы.
 Келесуа – жарыместеу, нақұрыс.
 Келеші – бәйгіден келе жатқан аттардың алдынан шығушы.
 Келім – кескін, келбет.
 Келімдәрі – тілді удай ашытатын бұрыш.
 Кемеш – іші кең ыдыс.
 Кенен – кең, дархан, бай.
 Кеней – асықтың сақадан басқасы.
 Кенеу – қауқары, күш-қуаты.
 Кер – ашу, ыз.
 Кер – күйеуі қайтыс болғанда басына байлайтын шүберек.
 Кер – қарсы, кері, кедергі.
 Кер – тәкаппар, көкірегін көтерген.
 Керғайзақ – терінің көпке дейін иі қанбауы.
 Кереші – аттарды бәйге жолына шығарып салушы.
 Керкіл – ұрыс-керіс, кейіс.
 Кершеуле – құрсаула.
 Кесер – кілемнің жібін кесіп отыратын ілмек пышақ.
 Кескек – құрттаған малдың

мойнына байлап қоятын ағаш.
 Кетеу – әлсіз, әлжуаз.
 Кетестей – ұмытылмас, жоғалмау.
 Кеудіре – құр сүлдері қалу.
 Кеуіт – адам денесінің кеудеге дейінгі скульптуралық мүсіні.
 Кешіл – өмір бойы үйленбеген.
 Киенкі – қарақаптал ауруы.
 Көбеле – жағалап жүру, жиектеу.
 Көбелік – жиек, жағалық.
 Көгілжі – көкшілдеу түске ену.
 Көгіс – көкшілдік, көгілжім.
 Көдік – қарағайлы орман.
 Көдіре – төзімді нәрсе бау, тиек.
 Көзел – жұмсақ былғары мәсі.
 Көзік – кезігу, табысу.
 Көзіктіру – бура мен інгенді қол көмегімен шағыстыру.
 Көйіт – тоқтамай көп сөйлеу.
 Көкжорға – түйе кеселі.
 Көксіл – алғыр қыран.
 Көлбар – мойынға салып жүретін дорба.
 Көпей – кенже туған қозы.
 Көпене – кішігірім үйірілген шөп.
 Көпек – тапал, аласа.
 Көрлат – еш тәрбие көрмеген адам.
 Көрбала – көргені жоқ, білімсіз.
 Көс-көс – түйе малын шақырғанда айтылатын одағай сөз.
 Көтеу – геморрой.
 Күбік – мысықтың еркегі.
 Күдит – жалған нәрсені асыралау.
 Күдір – Алтай тауында кездесетін елік тәрізді аң.
 Күзу – өрмектің ыспаланған жібі.
 Күлә – ханшаның киетін бас киімі.
 Күлман – абыройы айрандай төгілу.
 Күлмет – қылмысты іс, айып.
 Күлпет – уайым, қайғыға ұшырау.
 Күлік – сәйгүлік.
 Күргей – таса, қоршау.
 Күртан – айыр інген мен нар бурадан туған түйе.
 Кібісе – 365 күнге тең.
 Кібісе – 29 күн ақпан.
 82 сөз

Қ

Қаба – қою, қалың.
 Қабағат – орасан, керемет.
 Қабар – ісіну, қызару.
 Қағай – жат, бөтен.
 Қағас – шет, аулақ, тыс.
 Қағу – емін-еркін өскен.
 Қадақ – жарты килограмға жуық салмақ өлшемі.
 Қазуар – ірі су құсы.
 Қалда – диірменшінің алатын ақысы.
 Қалтар – бір нәрсені жасыру.
 Қамар – әшекейлі.
 Қамқа – зер талшықтары қосылып тоқылған жібек мата.
 Қана – жеті жасар бүркіт.
 Қандел – балауыз шамын орнататын құрылғы.
 Қарабез – жұқпалы түйе ауруы.
 Қарабие – түнде ойналатын балалар ойын түрі.
 Қарабура – су жолына тосқауыл.
 Қарғын – сай-сайдан ағатын су.
 Қаржал – болдыру, шаршау.
 Қарсақ – түлкі тұқымдас аң.
 Қасаба – әйелдер киетін бас киім.
 Қасабдар – қымбат бағалы мата.
 Қасаға – ошақтың қазан тұратын шеңбері.
 Қидас – сусар мен бұлғынның буданы.
 Қобы – тау аңғарындағы жазық жер
 Қойқап – бақсылардың жыны мекендейтін жер.

Қолаба – ат үстінде соғыста қолға ұстайтын шоқпар.
 Қолат – дөңестеу, кең аңғар.
 Қомыт – тозығы жеткен ескі киім.
 Қопа – қамыс, қурай.
 Қор – қымыздың ашытқысы.
 Қорам – көлем, аумақ.
 Қорама – оқ құюға арналған қалып.
 Қу – темір, тас шақпақпен от тұтату үшін арнайы зат.
 Қула – бір нәрсенің бойын жағалау.
 Қуна – демалу, шынығу.
 Қуысқұлақ – ұшы қуыс жуан біз.
 Құба – ақшыл сұр, бозғыл.
 Құбақан – ақ пен боздың арасындағы түс.
 Құбарлан – құда түске ену.
 Құбылтас – сан түрлі түске ену.
 Құдыр – аласалау бұғы тектес аң.
 Құй – мейлі, не.
 Құйы – шұңқыр жер, ұйық.
 Құқай – азап, бейнет.
 Құлаба – көнерген, қақсал.
 Құлазыған – көңіл күйдің түсуі.
 Құлаты – соңы, тың.
 Құлтұғыр – ерғашты, шабан ат.
 Құмай – тазының жүйрік түрі.
 Құмыр – бұлбұлша сайрайтын құс.
 Құнай – құндыздың күшігі.
 Құнт – ұқыптылық, жинақылық.
 Құну – сирек кездесетін аң.
 Құру – жылқы малын шақырғанда айтылатын сөз.
 Құрағыт – бір нәрсеге құмарту.
 Құрым – қызыл қоңыр түс.
 Құса – қайғы-қасірет.
 Құтты – құтты, берекелі.
 Құтыр – айызы қану.
 Қыбы – жөні, реті.
 Қызау – диірмен тасының бетіне шекіген сызаттар.
 Қызылшы – аңшыға ілесіп, атқан аңды алып жүретін адам.
 Қыламық – жұқа түскен қар.
 Қылаң – бозғылт түсі басымдау.
 Қысаң – өз ісіне шебер ұста.
 Қылы – екі алапты қосып тұрған ені тар жінішке жар.
 Қынай – талдырмаш бел.
 Қырбай – қырғи қабақ.
 Қысаға – ұзақ, ет алдырмайтын мал ауруы.
 Қыстас – мөр, ұршық, мүштек жасайтын үшкір тас.
 73 сөз

Л

Лазым – дұрыс, жөн, лайық.
 Лақса – әбден қартайған.
 Лоғат – сөз емес.
 3 сөз

М

Мағрып – батыс.
 Майқана – үлгі, тәртіп көрмеген.
 Манар – кең алқапты, салқар тау.
 Манжақы – бедеу деген сөз.
 Марғау – селкос, самарқау.
 Мардан – тірі балық ыдысы.
 Масық – мақтану, даңдайсу.
 Мағтақам – айлакер, қу.
 Махпуз – пешене, тағдыр.
 Машайық – ақылды абыз.
 Мәжнүн – есуас, жынды.
 Мәлік – әмірші, патша.
 Мәнбі – шын болған оқиға.
 Мәнжу – бос, болыр, момын.
 Мәнзүр – елемеді, ескермеді.
 Мәрем – бүлінген, талқан болған.
 Мәсуек – тістің етін ысқылап тазартатын құрал.
 Мәтек – бастан шертіп ұпай алатын ойын.
 Мәтке – үй төбесіне салатын бел ағаш.
 Мәтқым – айлакер мұттайым.
 Мейіл – ерік, ырық, ықылас.

Мекер – қу, залым, айлакер.
 Метей – ағаштан жасалған күбі.
 Миқата – кеше, милау.
 Мыхраб – мешіттегі молда отыратын орын.
 Молдаторғай – сексеуіл арасында жорғалап жүріп тіршілік ететін сұр торғай.
 Мор – жас ағашты түзету үшін жаққан көң.
 Мосы – ілгегіне шелек ілетін темір құрал.
 Мөңдін – суырдың күшігі.
 Мұғдар – шама, мұрша.
 Мұңғыл – дым білмес.
 Мұхраб – мешіт ішіндегі намаз оқылатын жер.
 Мүдәйі – алдап, арбауға әзір тұратын адам.
 Мүйет – бір нәрсенің төңірегіндегі көтеріңкі зат.
 Мүйетте – көтеру, биіктеу.
 Мүнәдайн – екі жүзді, имансыз.
 Мір – өте тұзу тиетін садақтың оғы.
 37 сөз

37 сөз

Н

Най – темекі тартатын түтік.
 Нам – арғы тегі, негізі.
 Нама – жазу, хат.
 Нарг – Сібір халқының итке жегетін шанасы.
 Науан – үлкен, биік.
 Науғы – арғы тегі, тұқым.
 Нәк – алмұрттың бір түрі.
 Нәті – нәсілі, тегі.
 Нәті – шамасы, сірә.
 Нәуетек – еш нәрсеге икемі жоқ.
 Нәумез – өкпелі, қапалы.
 Нәште – сәндеу, мәнерлеу.
 Негеш – көп білгісі кеп, көп сұрайтын адам.
 Некес – жексұрын, сұм, арам.
 Ноғала – көздің қарашығына түскен ақ шөл.
 Ноқай – түк білмейтін отар.
 Нұғара – дабыл түрі былғарыдан жасалған.
 Ныпша – кеудеге киетін жеңсіз киім.
 18 сөз

18 сөз

О

Отқасалар – жаңа түскен келіннің үлкен үйлердің босағасын аттағанда апаратын ілуі.
 Оқалақ – оқыра, сәйгел.
 Оқала – зермен көмкеру, әдемілеу.
 Оман – кең, үлкен.
 Омаш – ертедегі жер жыртуға пайдаланылған ағаш соқа.
 Омограф – жазылуы бірдей болғанмен, айтылуы мен мағынасы әртүрлі сөздер.
 Омық – күш-қайраты біту, әлсіреу.
 Оңаза – қомағай, ашқарақ.
 Оразды – басына жақсылық үйір.
 Ояста – бір жаққа ығысу, ойысу.
 10 сөз

10 сөз

Ө

Өбере – шөберенің баласы.
 Өтен – үй, шаңырақ, баспана.
 2 сөз

2 сөз

П

Пәрім – ителгі тұқымдасына жататын қыран.
 Перен – барқыттың қалыңдау түрі.
 Петиция – мемлекет басшысына көпшілік атынан жазылатын хат.
 3 сөз

3 сөз

Р

Райлас – біреумен ой пікірі бір.
 Райыс – рахат, жұмбақ.
 Рамат – үй басынан алынатын түтін салығы.
 Рапа – дәрілік тұзды су.
 Ратин – сырт киімге арналған жүн мата.

Рауа – орынды, лайықты, жөн.
 Рауаят – ақыл, жөн, жоба.
 Рәпәт – түр, келбет, өң.
 Регрес – дамудың кері кетуі.
 Рия – екі жүзділік.
 Рубаят – өлең түрі.
 Руна – жазудың ескі түрінің бірі.
 12 сөз

С

Сабат – шөбі шүйгін жер.
 Сабат – қымыздық.
 Сабатта – көлеңкелеу, саялау.
 Сабатта – сая, көгалды.
 Саба – қымыз ашытатын ыдыс.
 Сабаяқ – сабаның астына қойылатын ағаштан жасалған тұғыр.
 Сабыт – тауқымет, ауыртыпалық.
 Сағайлар – ежелгі түркі тайпасы.
 Саған – қымыз құятын ыдыс.
 Сағдар – малға шашқан шөптің қалдығы.
 Садыра – мал үйірі, шағын дәулет.
 Садан – бет-жүзі, келбет.
 Садыра – малдың қиымен зәрі араласқан қоймалжың зат.
 Сайдақы – сұм, қу, сайқал.
 Сайқын – мидай кең, ең дала.
 Сайрақ – ұзаққа апарар күре жол.
 Сақын – сақтық, қырағылық.
 Салақпан – садақ тәрізді атылатын қарудың түрі.
 Саһар – ақсудың қоразы.
 Сахар – таң алды, ала көбең кез.
 Сәйгел – жазда сиыр малына маза бермейтін сона.
 Сәкаку – нәтижесіз селбендеу.
 Сәңке – жоғарғы сортты ақ ұн.
 Сейдін – көңіл күй көтеріңкі.
 Сейіс – жүйрік атты жарататын бапкер.
 Селбі – ағаштың қураған бұтағы.
 Селебе – басқа түскен қиын қыстау кезең.
 Семантика – тілдегі жеке сөздер мен тіркестерінің мағынасы.
 Семафор – теміржолдың бос, я бос еместігін білдіретін сигнал.
 Серлет – жаңбырдың нөсерлете жаууы.
 Сетік – танауы жырылған жырық.
 Синолог – қытай тілін зерттеуші маман.
 Сират – діни ұғым бойынша қияметтің қыл көпірі.
 Созан – түйенің ауытын тігетін үлкен ине.
 Сойтал – төрт жасар ұрғашы жылқы.
 Соқи – жалғыз қалу.
 Суқайт – мазасыз жел.
 Сұғыл – бұғының еркегі.
 Сұңғат – бейнелеу өнері.
 Сүмбіле – тамыз айы.
 Сүркіл – қуғын сүргін.
 Сүрік – жоғарғы сортты жұмсақ.
 Сүтей – малдың желіні сүтке толу.
 Сүтен – еркек балықтың шәуеті.
 Сүтін – мақсат, бағдар, сенім.
 77 сөз

Т

Табас – асыл тастың бір түрі.
 Таған – төрттағандау, аяқ.
 Таған – қарғаның бір түрі.
 Тағанақ – торғай тұқымдас құс.
 Тайқар – екі жасар есек.
 Тактақ – інге ұя салатын торғай.
 Талаба – медресе шәкірті.
 Талау – асқан жүйрік мініс ат.
 Талқы – теріні уқалайтын қол құралы.
 Талыс – жылқының бас терісінен жасалған ыдыс.
 Таралғы – үзеңгіні ерге жалғастыратын қайыс бау.
 Тарикат – дүниені тәрк ету.
 Тархан – ерте заманда тоғыз рет ерлік жасаған адамға берілген атақ.
 Тастүлек – төрт жастағы бүркіт.
 Тағалау – қошеметтеу.
 Тағау – арам пиғыл.
 Татыр – тұзды, тақыр жер.



Тауан – бегі қайтты, күші келмеді.
 Тауанды – табанды, қайсар.
 Таутан – жолбарыстың ұрғашысы.
 Таутанда – өршелену.
 Таутайлақ – жабайы түйе.
 Тауыс – ұзын құйрықты құс.
 Тәйтен – сусыз жерде топырақпен дәрет алу тәсілі.
 Тәйкемдес – тәжікелесу, қағысу.
 Тәміп – медреседе оқитын шәкірт.
 Тәлпіш – ерке, шолжан.
 Тәнәпіс – қызмет уақытында болатын үзіліс.
 Тәпсір – құран сөзіне түсіндірме.
 Тәрнік – ерте пісетін қауын.
 Таксы – тарелка.
 Тәушек – өрік сияқты жемістің сүйегі.
 Теген – тегеурін, күш.
 Тегін – тұяқты малдың тегіндеуі.
 Тегінгі – ертұрман, қалың былғары.
 Тегене – ағаштан ойып, қымыз құятын ыдыс.
 Тегене – жылқы ауруы.
 Тегерік – ыстық өткізбейтін.
 Тейзи – құдайшылық.
 Телше – жылқының қабырға ұшындағы майы.
 Темен – әлдекім, бейтаныс.
 Темене – үрім бұтақ.
 Тиінтак – көпжылдық бұршақ.
 Тобар – сиырдың көктемде түлеген жүні.
 Тоғайрақ – жылқының тақия қарны.
 Тоғам – айдың бітуі.
 Тоғанақ – бастырық ағаш.
 Токсыр – жанып отты қағыстыру.
 Токтыбалақ – дуадақ.
 Толай – қорамсақ.
 Тольмдал – орнына келу.
 Томақ – қорқақ, батылсыз.
 Төсекаяқ – үстіне төсек орын жинайтын үй жиһазы.
 Тулақ – өлген ірі қараның кеуіп қалған терісі.
 Тумыш – арғымақ пен қазақы жылқының буданы.
 Тұлықтас – тас құрал.
 Тұрғияз – езілген құрт, май.
 Тұтқыш – қазанды оттан түсіргенде қолға киетін киіз қолғап.
 Түйте – моқал, тоқал.
 Түстүйе – екі жампоздан туған ұрпақ.
 Тығыршын – дөнетін інген.
 Тынжы – сүті мол сиыр.
 Тібен – түрлі түсті қалың маға.
 Тізде – түйені асырып байлау.
 Тірнек – үш жасар қыран құс.
 Тіріле – қыранды ауыздандыру.
 66 сөз

У

Уақан – көпшілік жабылып салған ортақ үй.
 Уәзипа – борыш, міндет, парыз.
 2 сөз

Ұ

Ұлтарма – басымен қонышын бірге пішіп тіккен етік.
 Ұңғуыр – ағашты ойып ыдыс жасайтын құрал.
 Ұранқай – жаппа киіз үй.
 Ұт – ақпан.
 Ұша – малдың тұтас еті.
 Ұштан – қымбат жібек маға.
 Ұшыр – егін өнімінен төлейтін салық.
 7 сөз

Ү

Үде – мұратына жетті.
 Үдермелі – тоқтаусыз, ұзақ.
 Үйек – табиғаты қолайлы жер.
 Үлек – нар түйенің таза тұқымды бурасы.
 Үргелек – қорқақ, үркек.
 Үренде – ит-құс.
 Үрят – теңдік, бостандық.
 Үркесок – шектеу, оқшау.
 Үскі – былғары ағашты тесетін іші қуыс біз.
 Үт – ақпан айы.
 10 сөз

Х

Хадис – Мұхамбет пайғамбардың өсиет сөздері.
 Хазрет – хандарға айтатын атақ.
 Халуа – қуырылған ұнды майға жасайтын тағам.
 Харап – жойылды, құрыды.
 Хариба – саяси, қоғамдық құжат.
 Хасіл – тілегі орындалды.
 Хатей – түйе ерінің екі басын қосуы.
 Хауыз – қолдан жасалған шомылатын көл.
 Хижира – жыл санау жүйесінің басталар күні.
 Хикмет – азап, ауыр, бейнет.
 Хошуақ – көңілді, жарқын.
 Хурсаит – шат көңілді, шадман.
 Хусни – ең жақсы, өте әдемі.
 13 сөз

Ш

Шабара – аңдарды қамайтын тор.
 Шабыра – ешкі терісінен иленген былғары.
 Шағал – өлексемен қоректенетін жыртқыш аң.
 Шағи – жібек маға.
 Шажә – таулы жерді мекендейтін дауысы қатты құс.
 Шайқы – кезбе диуана.
 Шайырғал – әзіл, мысқыл.
 Шақат – қағы кепкен сорбаң жер.
 Шамшат – ыстықта өсетін ағаш.
 Шанаш – ешкі терісінен істелген торсық.
 Шанда – анда-санда.
 Шандез – өрен жүйрік.

Шаншағаш – сирек, әр жерде бар.
 Шанжау – сирек, бытыранқы.
 Шаны – жек көру, кекету.
 Шапаға – шикі теріден тігілген аяқ киім.
 Шапаты – аласа, пәкене.
 Шапқат – шапағат.
 Шара – үлкен ыдыс тегене.
 Шарай – шаршы топ.
 Шарболат – батырлар киетін сауыт.
 Шардақ – шабан, шау.
 Шарқат – әйелдердің басына салатын орамалы.
 Шарбақ – төбесі жабық сөкі.
 Шәңгек – малды сойғанда іліп қоятын ағаш.
 Шәңгі – тоқаш, күлше.
 Шәрдәрі – бірнеше дәрінің қосындысы.
 Шәрке – шоқай ірі қара терісінен жасалған.
 Шегрен – бедерлі жұмсақ, былғары.
 Шәуле – майы аз қосылған күріш.
 Шәуіш – жұқа қатқан қабыршақ мұз.
 Шәбік – жұқа тақтай.
 Шәвет – сырт киімдік жүн маға.
 Шегене – шағын жанұя.
 Шегіршік – кеш көктейтін ағаш.
 Шенде – керіп қойған тері.
 Шетке – қойда болатын мал ауруы.
 Шеулі – ұя басар бүркіні.
 Шидем – жүннен тоқылған жылы киім.
 Шилан – ақша салатын әмиян.
 Шой – орасан, зор.
 Шоқыр – балық.
 Шора – бек, мырза.
 Шонтай – насыбай, дербе.
 Шомай – құймышақ.
 Шонжік – жолбарыстың күшігі.
 Шумер – халық.
 Шұбаты – күйдіргі секілді қауіпті жара.
 Шұрат – шөл ортасындағы көгал жер.
 Шұрқан – қуырдақ түрі.
 Шінжәу – көкторғай.
 51 сөз

Ы

Ыдырыс – көздің қыли болуы.
 Ыдырыс – ақ матадан тігілген құрақ көрпе.
 Ысқаурын – киіз үйдің ағашын керекті ағаш.
 3 сөз

Базархан Жақыбаев


ҚР Мәдениет саласының үздігі.

ЖАЗЫЛЫМ – 2021

Құрметті «Жаркент айнасы» газетінің оқырмандары! Алдағы 2021 жылға газетке жазылу маусымы басталды. Газетімізге жазылып, ерлікке толы еліміз бен жазиралы жеріміздің, өңірімізден өткен баһадүр батырлар мен от ауызды билердің, орақ тілді ақындардың, елге билік жүргізген болыстардың, өмірі өнегеге толы өнер адамдары мен өлкемізден шыққан даңқты тұлғалардың тарихынан хабардар болыңыз. Газетімізде Сіз үшін құнды, тың мақалалар жариялауға тырысып келеміз.

Жазылу «Қазпоштаның» барлық бөлімшесінде жүргізіледі. 1 жылға жазылу бағасы 2800 теңге. Индексі – 65161.

Біз сізден қолдау күтеміз, ойлы оқырман! Ұрпағымыз өзінің шынайы тарихын біліп, ұлықты болып өссін.



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
 Меншік иесі: «БАҚ» ЖК
 Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК
 Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ
 Бас редактордың орынбасары – Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ
 Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:
 jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
 ➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
 ➤ Газет индексі - 65161
 Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
 ➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
 ➤ Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
 ➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
 Алматы облысы,
 Жаркент қаласы,
 Е.Сыпатаев көшесі,
 242 үй, 14 пәтер
 Тел.: 8/705/412-78-48;
 8/705/277-16-91;
 8/777/971-57-67
 Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
 Тапсырыс: №1023

